Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

27 шілде сейсенбі
№59 (1761)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

СПОРТ – ЕЛ АЙНАСЫ

Әлем назары Токиода. Қазақ үшін де бұл тартысты бәсекенің маңызы зор. Себебі үкілеп қосқан спорт саңлақтары «күншығыс елінде» ел намысын қорғап, алтыннан алқа тағуға барын салмақ. Оған Қазақстанның егемендік еншілегелі жиған тәжірибесі мен алдыңғы толқынның үлгілі нәтижесі де серпін берері белгілі. Әсіресе олимпиада чемпионы атанған Әлжан Жармұхамедов, Надежда Ольхова, Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков секілді аңыз тұлғалардың сара жолы додаға түскен спортшылардың жарқын жеңіске ынтасын оятары сөзсіз. Осыған орай төрткүл дүние көз тіккен Токио Олимпиадасы қарсаңында қазақ спортының Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістігі мен спорт жанкүйерлері жадында жаңғырған тарихи сәтті саралап көрелік.

Спорт туралы сөз болғанда ең алымен тілге тиек етер құрмет төрі – төрт жылда бір өтетін Олимпиада ойындары мен Азия ойындары. Әлемнің әр түкпірінен келген мыңдаған спортшы сынға түсетін бәсекеде Қазақстан да лайықты көрсеткішке қол жеткізіп үлгерді. Қазақстан Тәуелсіздігін жариялағалы Олимпиада ойындарына жетінші мәрте қатысуде. Әр сапар қазақстандықтарды алтын медальмен қуантып, ел мерейін көтеріп келеді. Ел спортшылары 1996 жылдан бері олимпиададан жалпы саны 64 медаль еншілеген. Оның 19-ы алтын, 20-сы күміс, 25-і қола медаль. Жалпы жеңіс тұғырынан көрінгендер қатарында жеңіл атлет Ольга Рыпакова, велошабандоз Александр Винокуров, боксшы Данияр Елеусінов сынды спортшылар бар. Бұл тізімді биылғы Олимпиада ойындарында бақ сынап жатқан Қазақстан ұлттық құрамасы жаңартары анық..

Сондай-ақ қысқы Олимпиадаға 1994 жылдан бері қатысып, жеті жүлде еншіледік. Оған қоса Тәуелсіздік жылдары Азия ойындарында бәсекеге түскен спортшыларымыз жалпы саны 557 медальге қол жеткізген екен. Ал қысқы Азия ойындарында қазақстандықтар 69 алтын, 51 күміс, 44 қолаға қол жеткізіп,орынықты нәтиже көрсете білген.

2 БЕТТЕ

ЕГІН

КӨШЕТТЕП ЕККЕН КҮРІШТІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Көктем шығысымен су тапшылығы айтыла бастады. Диқан қауымы да алаңдап қалғаны рас. Негізінен күрішті аймақ саналатын Сыр еліндегі диқандар үшін енді қайтпек керек? 90 күн бой суға бастырылатын күріштен суды қалай үнемдейміз? Ел ғылымға назар аударды. Өңірдегі Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш ғылыми-зерттеу» институты ғалымдары тығырықтан шығар жол тапты. «Көшеттеп егеміз» деді. «Қалай?» деп біз де аңтарылдық.

Көктемдегі егіс барысын көзбен көру үшін күзді күтпей-ақ Қарауылтөбе ауылына тарттық. Мақсатымыз – көшеттеп еккен күріштің жайын білу. Межелі мекенжайда бізді «GoIden Bridge Turan» ЖШС директоры Ғизат Майданұлы қарсы алып, маманнан жұмыстың жай жапсарын сұрадық.

2 БЕТТЕ

ҒЫЛЫМ

ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР ЖАУДЫРДЫ



Уақыттың ілгерілегеніне адамзат баласы да ілесе отырып, күн сайын жаңалықтар ашуда. Жаңа ілім мен ғылымды, технологияны осы XXI ғасырда көптеп игеруде. Желіде жаға ұстатар жаңалық, таңдандырар ақпарат легі толып жүр. Соның бірі – жақында Араб Әмірлігінде төбеден жасанды жаңбыр жаудырғаны. Кәдімгі табиғаттың тамашасы саналатын жаңбыр. Бірақ ол жаңбыр өзгерек...

Жалпы Біріккен Араб Әмірліктерінде жылдық жауын-шашын мөлшері небәрі 100 миллиметрді құрайды. Оның үстіне жылдың көп мезгілінде күн ыстық болып, жазда температура 50 градусқа дейін көтеріледі. Міне, осындай аптап ыстық кезінде Ұлттық метеорология орталығы нөсер жаңбыр жаудырды. «Бұлт себу» деп аталатын технология арқылы аспаннан жауын жаудыру үшін олар дрондарды қолданған.

«Жаңбыр БАӘ-дегі Хатта ауылының солтүстігіне қарай Худжар тауында, Вади аль-Хилю, Кальба роуд пен Хувайлат аудандарында жауды», – деп хабарлады Араб әмірлігінің «Марказ аль-Асифа» атты жауын-шашын порталы. Синоптиктердің хабарлауынша, әдетте жаңбыр жаздың кезінде жаумайтын. Дегенмен жаңа технологиялы дрондардың арқасында жауын-шашын «шақыру» мүмкіндігі пайда болған.



4 БЕТТЕ

САЙЛАУ

Елімізде 25 шілде күні 700-ден аса елді мекеннің әкімдері тікелей сайлау арқылы сайланды. Қызылорда облысында 40 ауылдық округте сайлау өтті.

САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Облыс бойынша 54 сайлау учаскесінде дауыс беру өтті. Оған 304 комиссия мүшесі тартылды. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерінің барлығы жергілікті уақыт сағат 7.00-ден бастап сағат 20.00-ге дейін жұмыс істеді.

Ауыл әкімдігіне үміткер «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға сай 25 жасқа толған, мемлекеттік қызметте кемі екі жыл немесе қоғамдық ұйымда кемінде 2 жыл басқарған адам болуы керек. Одан бөлек, жоғары білімі болуы – басты шарттардың бірі. Бұл сайлаудың бір ерекшелігі, ел тарихында тұңғыш рет халық өз әкімдерін тікелей дауыс беру арқылы таңдады. Еліміздегі алты саяси партия сайлауға өз кандидаттарын ұсынды.

Сайлау процесінің ашық және заңға сәйкес өтуін бақылау үшін облыстағы саяси партиялар, азаматтық қоғам институттарынан 600-ден астам байқаушы жұмыс жасады. «Елімізде тұңғыш рет ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті. Біздің мақсатымыз – сайлаудың ашық, әділ, сайлау заңнамаларына сәйкес өтуіне өз үлесімізді қосу», – дейді «Партиялық емес байқау орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Жандос Тұсмағамбетов.

Сайлау заң талаптарына сәйкес өтті. Сайлау кезеңінде құқық бұзушылықтар тіркелмеген. Сондай-ақ карантиндік жағдайға байланысты санитарлық талаптар және әлеуметтік арақашықтық қатаң сақталған. Ал індет жұқтырғандармен байланыста болған сайлаушылар үйден дауыс берді. Бұл ретте дауыс беру пәтерге, үй ішіне кірмей ұйымдастырылды. Мұндай дауыс беру байланыссыз тәсілмен мысалы, баспалдақ алаңында, үй аумағы маңында жүргізілді.

2 БЕТТЕ

СҰХБАТ

«ҚЫШҚАЛАНЫ ҚОРҒАУ КЕРЕК»

Бүгінде аймақтағы көне шаһарлардың сан ғасырлық тарихы мен ондағы архитектуралық шешім ғалымдардың қызығушылығын оятып, ғылыми талас көзіне айналып келеді. Әсіресе, уақыт қойнауында қалған тылсым қалалар өткеннің анық бедерін тануға, ата-бабаның өмір-салтын тап басуға ықпал етуде. Сыр бойындағы Қышқала шаһары да осындай қайталанбас қолтаңбасымен тың зерттеу көзіне айналған. Себебі Алтын Орда дәуіріне тиесілі қайталанбас нысан Орта Азия тарихи жәдігерлерінде кезікпейтін ерекшелікке бай. Осыған орай апта басында үш жылдан бері көне қалада қазба жұмысын жүргізумен айналысқан ғалым, Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Дөкей Тәлеевпен сұхбаттасқан едік.

3 БЕТТЕ

Кесененің қалған бөлігінің көрінісі

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№59 27 шілде, 2021 жыл

СПОРТ – ЕЛ АЙНАСЫ

Қазақстандағы спорттың даму деңгейін ең алдымен спорт ғимараттарының саны мен бұқаралық спорт көрсеткішінен аңғаруға болады. Осы ретте 7-інші Қысқы Азия ойындары мен 28-інші Дүниежүзілік қысқы Универсиада сияқты ірі спорттық жарыстар кезінде бой көтерген бірқатар ірі спорт ғимаратының орны ерекше. Әлемдік стандарт шеңберінде салынған нысандар бүгінге дейін үздіксіз қызмет етіп келеді. «Сарыарқа» республикалық велотрегі, «Астана Арена», «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондарының кешені, «Барыс Арена», «Алау», «Алматы арена», «Халық арена» мұз айдындары, «Сұңқар» шаңғы трамплиндерінің халықаралық кешені, сондай-ақ атлетикалық қалашық елдегі спорттың дамуына сеп болды.

Сонымен қатар 2018 жылғы Ақмола облысының Щучье қаласында жаңа «Бурабай» халықаралық шаңғы базасы ашылса, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Жекпе-жек сарайы бой көтеріп, оған Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровтің есімі берілді. Сондай-ақ өткен жылы елорда төрінде тағы бір нысан – «Қазақстан» жеңіл атлетикалық спорт кешені пайдалануға берілді. Міне, мұның барлығы кәсіби спортшылар мен тұрғындардың дене шынықтырумен айналысуына жасалған басты қадам.

Аталған ғимараттар спортшылардың халықаралық жарыстарда жоғары жетістікке қол жеткізуіне ғана емес, тұрғындар арасындағы бұқаралық дене шынықтыруды дамытуға да ықпал етті. Тәуелсіздік кезеңінде республикада кәсіби спортшыларды дайындаудың орнықты жүйесі қалыптасты. Бұл жүйе жекелеген спортшылар мен командалардың федерация, ассоциациялар және одақтарға бірігіп, ұлттық біріншіліктер мен жарыстарға қатысуға мүмкіндік алды. Бүгінде Қазақстанның спорт түрлерінен 101 республикалық федерация құрылуы да осы мүмкіндіктің жемісі екені анық.

Тағы айта кетерлігі, 2014 жылы саланы дамытуға арналған «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Президенттің Жарлықтарымен және Үкіметтің қаулыларымен бекітілген бес жылдық кезеңдерге арналған 4 мемлекеттік бағдарлама, 1 тұжырымдама бекітіліп, іске асырылған. Осы бағдарламаларды және алға қойған міндеттерді іске асырудың нәтижесінде халықты дене шынықтыру және спортпен қамтудың үлесі 31,6 процентке жеткен. Бұл – ел тұрғындарының 5,9 миллионға жуығы дене шынықтыру және спортпен айналысады деген сөз.

БОКС БӘСЕКЕСІ

Сонымен қатар ел боксшылары кәсіпқой аренада алдыңғы қатардан көрініп, Қазақстанның бокс мектебінің танымалдығын арттырған спортшылардың легі толастар емес. Мәселен, аты аңызға айналған Атланта Олимпиадасының чемпионы Василий Жиров IBF нұсқасы бойынша әлем чемпионы атанса, Бейбіт Шүменов WBA тұжырымында әлем чемпионы атағын еншіледі. Осы ретте кәсіпқой бокста Қазақстанды әлем жұртшылығына таныстырып, орасан жетістікке жеткен Геннадий Головкинді атап өтпеске болмайды. Боксшы тынымсыз еңбек пен ізденістің арқасында Афина Олимпиадасының күміс жүлдесін иеленіп, кәсіпқой боксқа ауысқан соң WBC, WBA (Super), IBF және IBO тұжырымдары, сондай-ақ «The Ring» журналының нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағына қол жеткізген еді. Ең маңыздысы, Геннадий Головкин чемпиондық атағын алты жыл бойы қорғады. Сонымен қатар өткен жылы Данияр Елеусінов орта салмақтағы бос IBF континентальдық белбеуін жеңіп алғаны да аталған спорттағы жеңісті күннің нәтижесі.

Соңғы жылдары Қазақстанның бокс спортындағы айтулы жаңалық ретінде «Astana Arlans» бокс клубының құрылуын айтуға болады. Клуб бүкіләлемдік бокс сериясының (WSB) сегіз маусымына қатысып, барлығында жүлделі орыннан көрінді. Атап айтқанда бұл турнирде үш мәрте алтын, екі кезек күміс, үш рет қола медаль жеңіп, қазақ боксының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

«Әлем Барысы», «Жас Барыс» сынды жарыстардың да мәртебесі артып, білім берудің барлық деңгейіндегі дене шынықтыру сабақтарында «қазақ күресі», «тоғызқұмалақ», «асық ату» сияқты ұлттық спорт түрлерін міндетті компонент ретінде енгізу қолға алынған.

«АЛА ДОП» КЕЛЕШЕГІ

Жалпы Тәуелсіздік жылдары қазақ футболының тарихы 2002 жылы бастау алды десек, артық емес. Оған себеп сол жылы Стокгольм қаласында УЕФА Конгресі өтіп, Қазақстан ресми түрде УЕФА құрамына қабылданды. Осылайша, жанкүйерлердің көптен күткен арманы орындалып, отандық құрама Европаның үздік командаларымен кездесетін шақ келді.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Тәуелсіздік төрімізге озғалы танымал спорт түрлері ғана емес, ұлтттық спорттың да бойына қан жүгірді. Бүгінде 25-тен астам ұлттық спорт түрі жанданып, республиклық және халықаралық жарыстар ұйымдастыру жолға қойылған. Бар қазақ бөркін аспанға атып қуанған сәтті бірі – «Қазақ күресі», «Саятшылық», «Асық ату» және «Тоғызқұмалақ» секілді ұлттық спорт түрлері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енуі еді. Содан бері ұлттық спортқа деген қоғамдық көзқарас пен ынта өзгерді. Қазіргі таңда елде ұлттық спорт түрлерінен 8 мамандандырылған спорт клубы, 13 мамандандырылған спорт мектебі және 45 ипподром жұмыс істейді.

Халық асыға күтетін «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі де ұлттық спорттық брендіне айналып, жаңа таланттарды тануға мүмкіндік берген еді. Сондай-ақ соңғы жылдары Содан бері футбол құрама Англия, Германия, Голландия құрамаларымен әртүрлі іріктеу турнирлерінде бір топта өнер көрсетуде.Әрине, әзірге ауыз толтырып айтарлық жетістік жоқ, Алайда 2013 жылы қарағандылық «Шахтер» футбол клубының Европа Лигасының топтық кезеңіне жолдама алуы, 2015 жылы елордалық «Астана» Чемпиондар Лигасының топтық кезеңінде өнер көрсетуі әлі мүмкіндік молын білдіреді.

Жалпы қазақ футболы туралы сөз бола қалса, халық тарапынан өкініш пен көңіл толмастықты жиі естиміз. Алайда бұл көзқарас жаңсақ секілді. Себебі жанкүйерлер тарапынан спорттың бірі – футзал ескерусіз қалып келеді. Бұл бағытта жетістік шоғыры басым. Мәселен, 2016 жылы Сербияда өткен Европа чемпионатында Қазақстан құрамасы қолаға қол жеткізіп баста-са, кезекті жарыстарда оң нәтиже көрсетуде. Сонымен қатар алматылық «Қайрат» футзал клубы футзалдан UEFA кубогын екі мәрте жеңіп алғанын ескеруіміз қажет.

P.S. Байрақты бәсекеде асығы алшысынан түсіп, жеңіспен оралған әрбір спортшыны қазақ елі батыр санатына жатқызады. Себебі әлемдік аренада мемлекеттің бет-беделін қалыптастыру, жеке ел ретіндегі жалпығаламдық түсінік пен имиджін жүйелеу спорттағы жетістіксіз мүмкін болмайтыны тағы бар. Содан болар, ұлттың рухы мен потенциалы көрініс беретін жарыс жолында спортшылардың барын салып, өз елінің туын асқақтатуды мақсат тұтуы ел намысы саналады. Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістік көрсеткіші де осы ойымызды айғақтағаны анық.

Берен ШАҒЫРОВ

Басы 1-бетте

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев кәсіпкерлермен бірге бірқатар нысандарды аралады.

Ол алдымен Денсаулық және демалыс саябағында болып, абаттандыруды жандандыру мақсатында кәсіпкерлердің ұсыныстарын тыңдады.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ МҮМКІНДІК

Бүгінгі таңда аумағы 16,5 гектарды құрайтын саябақты жасыл желекпен көмкеру бағытында бірқатар шаралар атқарылып келеді. Мұнда жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар қарастырылып, балаларға арналған ойын алаңдары, орындықтар мен кешкі жарықтандыру шамдары, аяқ су каналы жүргізілген.

Қала әкімі саябақты халық игілігіне жаратуға сай әзірленген эскиздік жобаларды негізге алып, саябақтан балаларға арналған аттракцион, демалыс аймағын, жағажай орындарын ұйымдастыру қажеттігіне тоқталды. Бұл мақсатта кәсіпкерлерден тың идеялар мен ұсыныстар күтетіндігін және оны жүзеге асыру үшін толық қолдау білдіретіндігін жеткізді.

Қала әкімі аялдаған келесі нысан – Қызылордада жүйелі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның бірі «Дорстрой Тех.Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Серіктестік Қызылордада брусчатка, бордюр, қап шығаратын зауыт ретінде үздіксіз жұмыс жасап келеді.

Мұнда серіктестік теңгеріміндегі екі ғимарат «Арнайы экономикалық аймақ» және шағын өнеркәсіптік аймақ құру үшін ұсынылуда.

Мұның тиімділігі республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне енуін жандандыруға, жаңа технологиялардың бір немесе бірнеше сапаларын дамытуға, жоғары тиімді өндірістер құруға, сондай-ақ өзге де әлеуметтік проблемаларды шешуге мүмкіндіктер ашады.

– Сіздердің қала әлеуетін дамытудағы оң бастамаларыңыз үшін алғыс айта отырып, бұл жобаны бірлесіп, үйлестіру жұмыстарын әрі қарай жүргізу үшін тиісті сала басшыларына қажетті шараларды қабылдауды тапсырамын, – деді қала әкімі Ғанибек Қазантаев кәсіп иелеріне.

Қала кәсіпкерлеріне берілген тағы да бір мүмкіндік, Қызылорда-Жезқазған трассасы бойындағы 980 гектар тұрғын аумақ пен 150 гектарды құрайтын тұрғын аумақтарынан кәсібін кеңейтіп, жандандыру үшін жер телімдерінің ұсынылуы.

Игі бастамаға қолдау білдірген кәсіпкерлер аумақтан дәріхана желісін, монша, ашық немесе жабық сауда қатар-

ларын (базар), сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін түрлі нысандарды орналастыруды жоспарлайтындықтарын жеткізді.

Айта кету керек, 2014 жылы жеке тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында Қызылорда-Жезқазған трассасы бойындағы 980 гектарды құрайтын тұрғын аумақтың жобасы әзірленіп, дайын 5112 жер учаскелері 2016 жылдан бастап қала тұрғындарына табысталған.

Қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақта жеке тұрғын үй құрылысынан басқа шағын және орта бизнес нысандарына жалпы аумағы 4,2 гектарды құрайтын 21 жер учаскесі қарастырылып отыр.

«Ақмешіт-ақпарат»

КӨШЕТТЕП ЕККЕН КҮРІШТІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

– Дәстүрлі әдіспен күріш алқабы 90 күн бойы суда тұрады. Ал жапондық әдіспен көшеттеп күріш егу алғашқы 30 күн арнайы жылыжайларда өсіріледі. Мұнда күніне бір мәрте бүркіп суару әдісі қолданылады. Содан кейін арнайы кассеталарға салынып, топыраққа отырғызылады. Жерді алдымен тегістеп су жіберіледі. Барлығы техника көмегімен жүзеге асады. Мұның қарапайым дәстүрлі күріш егуден артықшылығы қолданылатын су мөлшері 25 процентке дейін үнемделеді. Тұқымдардың шығыны 5 есеге азаяды. Керісінше өнімділігі 2 еседен артық мөлшерде. Мәселен, қалыпты жағдайда гектарына өнімнен 50-60 центнер алынса, көшеттеп еккенде 100-120 центнерге дейін өнім алуға мол мүмкіндік бар. Жалпы бұл жоба республикада алғаш рет Қызылордада қолға алынуда. Жапония, Қытай және Корей елдерінің тәжірибелері зерттеліп, өсіруді қолға алдық. ТМД елдерінің ішінде Өзбекстан мемлекеті соңғы 3 жылдан бері осы әдісті қолданып келеді. Қазір су жағдайы белгілі. Жыл сайын су азайып бара жатыр. Келешекте бұл мәселе күрделене беруі ықтимал. Күріш өндірісін бұрынғы қалпында қалдыратын болсақ, бұл саланың жұмысы мүлдем жойылып кетуі мүмкін, – дейді «GoIden Bridge Turan» ЖШС директоры Ғизат Майданұлы.

Су тіршілік көзі екені анық. Алайда суды көп қажет ететін күріштікке су жеткізілмесе бұл жылына 300-400 тонна күріштен айрылуға әкеп соқтырады. 90 мың гектар жер бос қалуы мүмкін. Диқандар да қол қусырып қалуы ықтимал деген болжам бар. Бұл ел экономикасының әлсіреуіне әкеп соқтырады. Сондықтан Сырдариядағы су мөлшері азайғандықтан көшеттеп күріш егу қолға алынып отыр. Бұл қажетті шешім екені даусыз. Екінші жағынан ресурстарды үнемдеуде маңызы зор. Мұны арнайы мамандар да қолдап отыр.

– Бұл елімізде алғаш рет іске асып жатқан жаңа бастама. Биыл қала аумағында ауылшаруашылық құрылымдары бойынша 8835 гектардай жерге дәнді дақылдар егілді. Соның ішінде 4139 гектар жерге күріш дақылы себілді. 175 гектар жерге көшеттеп егу қолға алынды. Су тапшылығына байланысты биыл күріш егуді шаруалар амалсыздан азайтып отыр. Соған қарекет жасап осындай жаңа әдісті қолға алып жатырмыз. Бұл үрдіс біздің өңірде жемісті нәтижесін береді деген сенімдемін, – дейді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дәулетбек Абдрасулов.

– Ыбырай Жақаев атындағы «Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты» ғалымдарының зерттеу жұмысының нәтижесі негізінде көшеттеп күріш егуді бастадық. Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде бұл үрдіс қалыптасқан. Ғалымдарымыз көшеттеп егу жұмысы нәтижелі болатынын бұған дейін зерттеп анықтаған еді. Дегенмен қаржы тапшылығына байланысты кеш қолға алдық. «GoIden Bridge Turan» ЖШС ұсыныс беріп, Қарауылтөбе ауылы маңынан 300 гектар жер бөлдік. Жапониядан арнайы техникалар алдыртып жұмыс бастадық. Қала ішінде бос тұрған жылыжайға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, күріш көшеттерін отырғыздық. Бір ай сол жерде күтіп, техника күшімен іске асырылды. Дәстүрлі егуде еккен дақылдың 30 проценті өсіп шығатын болса, көшеттеп еккенде оның 100 проценті өсіп шығады. Яғни сепкен дақылдың барлығы өсіп, өнім береді деген сөз. Ең бастысы үлкен үнем, – дейді Ыбырай Жақаев атындағы «Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты» директоры, профессор Нұрбол Аппазов.

P.S. Осылайша күріштің өзбекстандық «Лазурный», «Аланга» және жергілікті «Сыр сұлуы» сорты Сыр топырағына көшеттеп отырғызылды. Қазіргі таңда жайқалып өсіп, дән салуға дайын тұр. Бұйырса күзге қарай мол өнім алу жоспарда бар. Айтпақшы, жоғарыда атап өткен жапон техникасын қазақтың жігіттері меңгеріп алыпты. «Қай істі болсын бастарда соған сеніп, сезіну керек. Сонда одан өнім аласың», – дейді шаруашылық басшысы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Сыр өңіріндегі сайлау комиссиясына келіп түскен қорытынды ақпаратқа сәйкес сайлаушылардың 83,6 проценті дауыс берген. Бұл жөнінде облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев баяндады.

– Арал ауданы бойынша 12 округте 19 учаске бойынша 8019 сайлаушы, оның ішінде келушілер саны 7295 – 90,97 процентті құрап отыр. Ал Қазалыда 3 округте 2673 сайлаушы, келушілер саны 2496 – 93,38, Қармақшы ауданындағы 1 округте 2 учаске бойынша 3410 сайлаушының 2854-і қатысты. Жалағаш ауданы бойынша 4 округте 5 учаске бойынша 3596 келушілер саны 3156 – 87,76 процентті құрады. Сондай-ақ, Сырдария ауданындағы 3 округте 2808 сайлаушының 2584-і қатысып 92,02 процент болды. Шиелідегі 4 округте 5 учаске бойынша 4225 сайлаушы, келушілер саны 3324–78,67, Жаңақорған ауданындағы 13 округте 17 учаске бойынша 11340 сайлаушы, келушілер саны 8440 – 74,43 процентті құрап отыр. Сайлау барлық учаскелерде Конституциялық заңға сәйкес өтті. Құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Арыз – шағымдар түскен жоқ, – дейді Ғалым Қонақбайұлы.

Сайлауға алғаш рет қатысып, өз таңдауын жасаған сырдариялық Нұрдәулет Қорғанбай 18 жасқа үш ай бұрын ғана толған.

Басы 1-бетте

Ол саяси науқанға қатысуға мүмкіндік туғанын білгенде қатты қуанған. Өйткені жас жігіттің ауыл өмірін жақсартуға үлес қосу басты арманы екен.

– Сайлауға дейін әкім болуға ниетті 3 үміткердің де сайлауалды бағдарламасымен танысып шықтым. Сонымен қатар 3 үміткердің осы уақытқа дейінгі атқарған жұмыстарын біліп, өз таңдауымды жасадым. Осылайша алғашқы сайлауыма да қатыстым. Менің дауысым ауылымның дамуына үлес қосса қуанышымызда шек жоқ, – дейді Сырдария ауданы Іңкәрдария ауылының тұрғыны Нұрдәулет Қорғанбай.

Сайлау қорытындысы сайлау өткеннен кейін үш күннің ішінде шығарылады. Жеті күн ішінде сайланған әкім тіркелуі тиіс. Әкімнің өкілет мерзімі аймақтық сайлау комиссиясында тіркелгеннен кейін басталады. Ауыл әкімдерінің өкілеттік мерзімі өзгерген жоқ. Олар бұрынғысынша 4 жылға сайланды.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№59 27 шілде, 2021 жыл

«ҚЫШҚАЛАНЫ ҚОРҒАУ КЕРЕК»

– Дөкей Әбдікәрімұлы, қазіргі таңда Сыр өңірінен табылған Қышқала шаһары аймақ үшін маңызды тарихи нысанға айналды. Жалпы шаһар туралы мәлімет қай кезеңнен белгілі? Бұған дейін қазба жұмысын жүргізген зерттеу топтары мен ғалымдар туралы айта кетсеңіз.

– Ортағасырлық Қышқала Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы Қоғалыкөл ауылдық округі маңында орналасқан. Бұл қаланы алғаш рет 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.А.Каллаур ашып, оны Қысқала (Гыш-қала) немесе Тасқала деп атаған. Ғалым қаланың Перовскіден шығып, Хиуа мен Бұқараға баратын жолдың 25-30 шақырымында орналасқаны туралы жазған болатын. Ал 1946 жылы тарихи нысанда С.П.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) болған. Зерттеу тобы нысанның үстінде шашылып жатқан ыдыс сынықтарын, заттарды жинап, картада Қыштөбенің ортағасырлық Асанас пен Женттің аралығында орналасқанын көрсеткен. Бұл – алғашқы зерттеу барысы.

Енді отандық ғалымдарға келер болсақ, 1960 жылы Ә.Қоңыратбаев пен Ғ.Мұсабаев Қышқалада зерттеу жұмысын жүргізген. Ә.Қоңыратбаев Қышқаладағы моладан адамның, аттың сүйектері, сырланған көзелер сынығы табылғанын айта келіп: «Қышқала деметің мағынасы онда қыштан салынған кішігірім Сарай (орда) болған.... 1960 жылы біздер (ішінде Ғ.Мұсабаев бар) бірер метр жерін қазып, күйдірілген кірпіштен жасалған бармақтай сырлы құмыра таптық. Ішіне 25 грамм су кетеді, тұтқасы сынған. Осы төбенің астынан күміс ақша табылған. Сол жерден 1960 жылы мен сор бетіне шығып қалған алтын теңге таптым. Бірақ бұл жерде (Қышқаланы айтып отыр) қамалдың ізі жоқ... «Қышқала» деген атау ел аузында жүрген кейінгі сөздер болса керек. Сыр бойында ондай қаланың аты жоқ», – деген еді.

Дегенмен Қышқала қаласындағы алғашқы толыққанды археологиялық қазба жұмысын 1990 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтындағы (қазіргі Қорқыт ата атындағы ҚУ) студенттер тобы ұйымдастырды. Қазбаға арнайы шақыртумен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен археолог М.Елеуов екеуміз қатыстық. Негізі 90 жылдарда Қышқалада жүргізілген қазба жұмыстарының барысы, онан табылған археологиялық заттар жайлы мәліметтер «Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.)» тақырыбымен Т.Мәмиевтің тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық жұмысында қысқаша жазылған.

Сондай-ақ 2018-2020 жылдар аралығында Қышқаладағы қазба жұмыстарын сол кездегі облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтің тікелей қолдауымен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археологтары қазба жүргізгені мәлім. Ал биыл қазба жұмысын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры М.Елеуов ҚР БжҒМ-ның мемлекеттік гранты қаржысына жүргізді.

– Қышқаланың Сыр өңіріндегі ескі шаһарлардан қандай айырмашылығы болған?





– Қыштөбеде жүргізілген топографиялық зерттеу жұмыстары қаланың батыс және оңтүстік-батыс шетін алып жатқан аймақтан оншақты дөңгелек (сопақ) келген төбелерді анықтады. Төбелердің диаметрі 30-35, биіктігі 3-4 метр болады. Бір ерекшелігі, анықталған төбелердің басым көпшілігінің үстінде күйдірілген қыш кесек сынықтары мен бір беті түрлі түсте (көк, ақшыл көк, қою қаракөк, сары т.б.) сырланған жапсырмалар мен бір бетіне пышақпен кесіп, өрнек салынған тақталардың сынықтары көп кездеседі.

Қалашықтың оңтүстік-батыс шетінде орналасқан осындай екі төбеге қазба жүргізілді. Қазба барысында олардың екеуі де бір кездегі керемет кесенелердің орны екендігі анықталды. Алдын ала жасалған болжам бойынша қас беттері майолика және бетінде ойып-кесіп салынған өрнегі бар қаптамалар мен тақталар жапсырылған бұл кесенелер өз дәуірінде елге сыйлы, беделді адамдарға арнап салынған болса керек. Өкінішке орай кесенелер әртүрлі себептермен түбіне дейін талқандалып кеткен. Қала маңында осындай кесенелердің саны он шақты болғаны анық.

Біз қазған нысандардың көлемі, сәулеткерлік ерекшелігі, безендіру нақышы олардың аса шеберлікпен салынған ғұрыптық ғимарат екендігін білдіреді. Қышқаланы қоршаған осыншама кесенелер кешені жайлы жазба деректер ештеңе айтпайды. Дегенмен соңғы зерттеулер нәтижесі Қышқаланың маңында шоғырланған кесенелер қандай да бір құпияны бойына бүгіп жатуы мүмкін екендігін аңғартады. Кесенелердің молдығы қаланың Алтын Орда зиялыларын жерлейтін аймақтық киелі орын (пантеон) болған деген ой туғызады. Қышқаланың Сыр бойындағы басқа шаһарлардан басты айырмашылығы осыда ма деп ойлаймын.

– Қазір ескі шаһар аумағындағы қай нысандарға қазба жұмысы жүргізілуде?

– Біз қазған нысанның қайсысы болса да қала жүйесіндегі аса маңызды құрылыстар. Осы жылы екі кесененің орны ашылды. Кесенелерді сәулеткерлік ерекшелігі мен безендіру нақыштары бойынша XIV-XV ғасырлар деп мерзімдеуге болады. Қаланың өмір сүрген уақытын анықтау мақсатында арнайы кесік салынды. Кесіктен алынған материалдар негізінде анықталған мәлімет бойынша, қала XII-XV ғасырлар аралығында өмір сүрген. Осындай мәліметтерге сүйене отырып, қала Алтын Орда дәуірінде өмір сүріп, осы өңірдің ірі мәдени-сауда орталығы болған деп болжам айтуға келеді.

– Тарихи нысан сақталуы қай деңгейде?

– Қаланың сақталу деңгейі жөнінде ауыз толтырып ештеңе айта алмаймыз. Жүргізілген қазба жұмыстары тұрғындардың қаланы қандайда бір себеппен тастап, басқа жерге қоныс аударғанын көрсетеді. Қала тұрғындарының қайда қоныс аударғандығын анықтау мақсатында Қышқалаға жақын аймаққа арнайы археологиялық барлау жүргіздік. Әзірге нақты жауап табылмады. Бос қалған қала алғашында табиғи құбылыстар әсерінен, кейіннен жергілікті тұрғындардың тарапынан болған бүліншіліктен талқандалған. Осы күні көзі тірі ауыл қарттары XX ғасырдың 60-70 жылдары әлгінде сөз болған кесенелердің қабырғалары 2 метр биіктікке дейін тұрғанын айтты. Ескі құрылыс кірпіштерін тұрғындар басшылардың ұйымдастыруымен бұзып алып, мектеп, контор секілді ғимараттардың құрылысына пайдаланған екен. Қамар Рүстемов, Исламбек Әшіров секілді ауыл ақсақалдары Қышқаладағы құрылыстарды бұзып, онан алған қыш кесектерді ауылға арбамен, көлікпен тасып, жаңа құрылыстарды салуға пайдаланғанын жеткізді. Сондықтан шаһардың сақталу деңгейі көңіл көншітеді дей алмаймыз.

– Жалпы Қышқала шаһардың негізгі атауы болған ба? Қала атауына қатысты «Баршынкент» «Қызқала», «Қыштөбе» болжамдар жиі айтылады. Тіпті мекен атауын «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршынмен байланыстыратындар да бар. Нақты ғылыми тұжырым қандай?

– Сұрағың орынды. Бүгінде көптеген ғалымдар Қышқаланы жазба деректерде «Барчканд», «Барчин», «Барчинлигкент» деген аттармен кездесетін ортағасырлық қаламен баламалап жүр. Әлкей Марғұлан осы болжамды негізге ала отырып, қаланың атын әйгілі Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынның есімімен байланыстырған болатын. Мұндай болжамдардың дұрыстығын соңғы жылдарда жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары да растап отыр. «Қыштөбе», «Қышқала» деген ұғымдар қала орнында сақталған қызыл қыш үйінділеріне байланысты туындаса, «Қызқала» мағынасы тікелей Баршынның (Гүлбаршынның) есімімен астасып жатыр. Жазба деректерде айтылатын қаланың орны да осы аймаққа сәйкес келеді. Осының барлығы Баршынкенттің орны осы біз қазба жүргізіп жатқан қалашық екендігін аңғартады. Келешекте атқарылатын зерттеу жұмыстары біздің осы болжамымызды одан әрі негіздей түседі деген ойдамыз. Біз қазған кесененің негізгі қабірханасынан табылған екі кісінің мәйіті арнайы зертханалық сараптамаға жіберіледі. Сол сараптаманың нәтижесі бойынша да бірсыпыра ғылыми тұжырым жасау мүмкіндігі туары анық.

– Үш жылға созылған археологиялық жұмыстың нәтижесі қалай? Шаһарға қатысты алдағы жоспармен бөліссеңіз?

– Атап өткенімдей, 2018 жылдан бері Қышқала тарихи нысанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры М.Елеуов басқарған «Тұран археологиялық экспедициясы» мен Әлкей Марғұлан атындағы археология институты және Ұлттық музей мамандары археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Үш жыл ішінде 9 жерден қазба салынды. Солардың қатарында аса маңыздылары деп Керуен-сарайдың орны, Үш Кесененің қирандысы, қыш күйдірген пеш, т.б. нысандарды айтуға болады. Алдағы уақытта қаңқалардың шетелден келетін сараптамасы келешек зерттеу барысын шешеді.

Сөз соңында аймақ тарихында маңызы бар тарихи нысанның келешегі туралы айтқым келеді. Бүгінде шаһардағы негізгі нысандарға уақытша қорғау аралары жасалды. Алайда бұл жеткіліксіз. Қышқаланы қорғау керек.

Сонымен қатар олардың бірқатарын туристік нысанға айналдыру мүмкіндігі бар еді. Алайда облыстық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм басқармасы мамандары тарапынан ешқандай қызығушылық байқалмады. Себебі біз зерттеу жүргізген басқа өңірлердегі (Түркістан, Қарағанды, Жамбыл, Шығыс Қазақстан аймақтары) туризм саласының мамандары ширақ қимылдап, қазба барысында анықталған киелі нысандарды туристік бағдарламаға қосу әрекеттерін жасап жатады. Өкінішке орай, сала мамандары тарапынан ондай қадам кешеуілдеп тұр. Бұл қадам қолға алынса тарихи жәдігерлердің сақталу сапасы артып, аймақ экономикасының даму қарқыны үдер еді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

СЫР СҮЛЕЙІ

АҒАЙЫНДЫ ЖЫРАУЛАР

«Киікшіден шыққан қос жүйрік
Сүйкімбай менен Сүйіндік...
Ән менен сөзін ажарлар»,– деп, Сыр сүлейі Омар шайыр Шораяқұлы жырлағандай, ағайынды жыраулар Сүйкімбай мен Сүйіндік Қожагелді ұлдары туралы мәліметтер тарих беттерінде өте аз.

Кейінгі зерттеулер бойынша кешегі аумалы-төкпелі замандарда қоныс аударып, басқа елге қоныстанып, ұрпағы сол шет жерде өсіп-өнген. Шамамен 1840 жылдары шамасында Сыр бойы, Қармақшы аймағы, Қуаңдария өзегінің жайсын жайлау Ақтайлақ деген жерде дүниеге келген қос жырау кейін Түрікменстан, Қарақалпақ, Өзбек елдеріне қоныс аударып, жыраулығымен қалың жұртқа танылған.

Атақты Сыр сүлейлерінің бірі Балқы Базармен ағайын-жекжат, өнердегі өресі қатар дос болып араласқан көрінеді. Бірге жүріп, бірге тұрып елдегі жиын-тойларды бірге атқарған сыңайлы. Бір-бірінің қадірін біліп, өнерлерін мойындаған қос жырау бірде үлкен жиында алқалы топтың ішінен араларына ши жүгірткен араздастырушылардың сынына куә болады.

Жыр үзілісінде үйде қалған Сүйкімбайдан: «Базар қандай жырау, осы?» – деген сұраққа Сүйкімбай: «Базардың сөзінің салмағы қорғасындай, біздің серік еткеніміз әншілік қой» – деп марапаттаған екен. Келесі кезекте Базардан: Сүйкімбай қандай жырау? – деген сұрағына Базар:

– Ой пәлі, оның мақамы сазы нашар сөздің өзін аспандататын, өзі қалай сұлу болса, әндері одан да сұлу, біздікі тек сөз ғой! – деп марапаттаған екен.

Осы әңгіме екеуінің достыққа адал әрі ұлт өнеріне шынайы қызмет етіп жүргендігін білдірсе керек. Базардың, Шегебайдың, т.б. ақын-жырауларының жырын насихаттаған ағайындылардың өнерін Тұрмағамбет шайыр былай мадақтаған:

Сүйкімбай менен Сүйіндік,
Сүйекті суша білмейтін,
Өткір найза секілді...

Бұл шумақтан біз қос жыраудың орындаушылық шеберлігінің биік деңгейін байқаймыз. Сүйкімбай жыраудың Сердалы (1896-1974), Сүйінішәлі, Бағдагүл (1903-1999) атты балалары болған. Сердалысынан Алпысбай атты баласы қазір Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында тұрады екен. Сүйінішәлі өткен ғасырдың 1932-1933 жылдарындағы ашаршылық кезінде жоғалып кеткен. Ал қызы Бағдагүл әке жолын қуып, Сыр еліне әнші-жырау болып танылды. Бағдагүлдің өнерін бағалаған, оны білген, көрген, тыңдаған белгілі шайыр Әлиакпар Жұматаев төмендегідей жыр жолдары арқылы мерейін асырады.

Сүйкімбай қызы Бағдагүл,
Сайраған бақта ол бұл-бұл.
Ән ырғағы тасқындар,
Аққандай таудан асау Ніл, – деп, бұл-бұл өнерпаздың шынайы бағасын береді. Ал Сүйіндік жыраудың Ақсобық, Балсобық атты екі қызы болған.

Ұлы Жақсылық келіні Тәттігүл, Әбдірахман, Кеңес, Әбдіқадыр, Мафура, Кәрімбек, Кәрібай Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңажол ауылында тұрады. Балалары Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Балсобықтың да балалары Қармақшы ауданында тұрады. Киікшінің қос пырағы Сүйкімбай мен Сүйіндік жыраулар Бұхара облысының Қызылқұмында 1915-1920 жылдар шамасында өмірден өтіп, сонда жерленген.

Қызылорда облыстық мәдениет басқармасы құрастырып шығарған «Қайталанбас дауыстар» музыкалық антологиясына белгілі жырау, шежіреші, жергілікті тарихтың білгірі, марқұм Үбісұлтан Аяповтың (1889-1973 ж ж) орындауында Сүйкімбай мен Сүйіндік Қожакелді ұлдарының әндері енген. Қос жыраудың ғажап үнге ие болғандары сонша, дауысын естігендер сиқырлы саздың әсерінен шыға алмай, ерекше әсер алады екен.

Бүгінде Сүйкімбай мен Сүйіндіктің тікелей ұрпақтары – Сыр өңіріне танымал жыршы Жұмабек Аққұлов пен Берік Саймағанбетовтер. Олар ата жолын қуып, Сыр сүлейлерінің ізін жалғап жүрген өнер иелері.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Қызылорда облысында 25 шілдеде коронавирус инфекциясын жұқтырған 168 жағдай тіркелсе, оның 113-і Қызылорда қаласынан анықталған. Вирус жұқтырған 124 адамда ауру белгілері байқалса, қалған 26-сы симптомсыз.

COVID-19: Бір тәулікте 168 жағдай тіркелді

Қазіргі кезде 58 науқас, яғни 34,5 проценті инфекциялық стационарға жатқызылған. Сондай-ақ жаңа жағдайдың 141-і жаңа ошақ деп танылса, 27 жағдай қарым-қатынас арқылы жұққан. Одан бөлек 25 шілдеде өңірде 117 науқас жазылып шығып, жалпы емделіп шыққандар саны 7570 адамды құрады. Яғни эпидемиологиялық маусым басталғалы өңірдегі науқастардың 81 проценті аурудан айығып шыққан.

25 шілдеде 352 адам зертханаға сынама тапсырып, оның 319-ы тексерілген. Жалпы эпидемиологиялық маусым басталғалы аймақта 422 624 сынама тапсырылған.

Айта кетерлік жайт, аймақтағы инфекциялық стационарда барлығы 929 науқас ем қабылдап, жүктеме 70 процентті құрап отыр. Сондай-ақ реанимациялық бөлімде жатқандар саны 64 адамға жеткен.

Вакциналау науқаны аясында коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін бір тәулікте 460 адам салдырса, оның 275-і Қызылорда қаласының тұрғындары. Жалпы осы кезге дейін өңірде 211 900 адам КВИ-ге қарсы вакцинаның алғашқы екпесін алған.

Ал бір тәулікте вакцинаның II компонентін барлығы 932 адам алса, оның 488-і Қызылорда қаласында. Ал вакцинаны толықтай, яғни II компонентін бірдей алғандар саны – 167824 адамға жетті.

«Ақмешіт-ақпарат»

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

ҚАЗАҚТЫҢ ШАПАНЫНАН ҚАДІР КЕТТІ

Мен тарихшы да, мәдени қайраткер де емеспін. Жасым 80-нің үстіне шыққан ұлттың бір жанашыр адамы боламын. Өзімді ойландырып жүрген бір мәселені орталарыңызға салғанды жөн көрдім. Қазір қазақтың кез келген тойында қонақтарға шапан үлестіріп жатады. Жастар отау құрған тойларда бата берген адамға да, тіпті біреудің мерейлі жасқа толуына да шапан сыйлау әдетке енді. Ұлттық құндылық тұрғысынан бұл жақсы үрдіс, жағымды дәстүр де шығар. Бір өкініштісі, сол шапанды қадірлеп киіп жүрген адамды көрмейсің. Үйіне барғасын, сандығына сала салады. Артынан бір еске түскенде өзіне жақын бір адамына сыйға тартады. Ертеректе біздің бабаларымыз ұзын етек шапан киіп, қазақтың салт-дәстүрін берік сақтады. Қысы-жазы аттың үстінде көп жүретіндіктен суық күндері ұзын етек шапанның суықтан сақтануына септігі тигені анық. Түлкі, қасқыр терісінен тігілген ішіктер мен тондар адамға жарасып тұратын. Басына киген түлкі тымағы, былғарыдан тігілген ұйық етігі де көшпенді елдің өмір сүруіне ыңғайлы да болатын. Қазір ше? Біраз тойларда бата беріп, шапан кидім. Құрметтеп жауып жатқанын ішіміз қаламаса да, той иесінің ниетіне ортақтасасың. Бұрындары дәл қазіргідей бұл үрдіс қатты байқалмап еді. Алғаш наурыз мерекесін тойлаған 80-ші жылдардың аяғында жаппай дәстүрге енді. Ұлыстың ұлы күні әр мекеме, мектептерде ұлттық киім кию, басқа да салт-дәстүрлер болсын деген тапсырмалар берілетін. Тек сол күндері ғана киілетін еді. Халқымыздың салт-дәстүрін сақтап, насихаттау керек шығар, бірақ бізді қазақы шапанның қадірі кеткені қынжылтады. Өзім де бірталай жерлерде болып, біраз нәрселерді көріп, куә болдым. Оңтүстік өңірлердің бір ауылында марқұм болған бір ақсақалдың жаназасына қатыстым. Марқұмның өмір бойы жинаған шапандарын ру-руға деп үлкен адамдарға таратып жатты. Бірақ олардың қазалы үйден шапан алуға құлшыныс танытқанын тағы байқамадық. Осындай бір көріністе тағы да марқұм болған адамның қырқына құран оқыған молдаға үй иесі пакетке салып, шапан берді. Әлгі молда сыртқа шыққасын біреулерге: "шапанның орнына 2000 теңге бергені дұрыс еді ғой"-деп ренішін білдіріп жатты. Сонда деймін-ау, шапанның құны теңгеміз сияқты құнсызданып бара ма?! Ал, шапанымен бірге бас киімі (қалпағы) жайлы да ғаламтордан оқығаным бар: 1812 жылы француздар Мәскеуді басып алмақ болғанда жеңіліп бара жатқан орыстың патшасы Александр I қазақтарға сөз салып, көмек сұраған дейді. Қазақтардың қалың қолы француздарды Парижге дейін тықсырып қуған екен. Біздің әскерлер сонда Наполеонның әскерлері киген айыр қалпақты көріп, қызықса керек. Сөйтіп, сол қалпақтарды тіктіріп, киіп алған деседі, деректерде...бұл, әрине, тұспал сөз ғой. Бәлкім, одан ертеректе қазақтың қалпағы осындай болған шығар. Француздар бізден көріп, киген шығар, кім біліпті... Ол жағын тарихшылар талдай жатар. Ал, менің айтайын дегенім, қазіргі кезде әншілердің дені сахнаға қазақы нақышта оюланған әдемі киімдермен шығып жүр. Қандай жарасымды, тамаша дерсің. Егер сол ұзын шапандардың орнына қазіргі заманның ыңғайына қазақы киімдерді тіксе, көбіміз осыны киюді дағдыға айналдырсақ қандай жарасымды болар еді. Бүгінде әйелдер қауымы жиындарда киіп жүрген қамзол түріндегі қазақы киімдерді қыздар да кисе ұлттың болмысы осымен де ерекшелене түсер еді. Бұған оқырман қауым не дейді екен?...

Роман ЖАРЫЛҚАСЫНОВ

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

Маңғыстау облысы – Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан құтты қоныс. Ол Атырау облысымен және Түркіменстан, Өзбекстан, Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдерімен шектеседі. Мұнда Қазақстанның теңізбен байланыстыратын жалғыз су бекеті – Ақтау халықаралық теңіз сауда порты бар. Осы өңірдің тумасы Әбіш Кекілбайұлы Маңғыстауды «Ұйқыдағы аруға» теңеген. Себебі ғарыштан түсірілген суреттерде Маңғыстау түбегінің контуры жас келіншектің профиліне ұқсайды. Бүгін «Атамекен, мен сені білемін бе?» айдарында оқырманмен бірге осы өңірге рухани сапар шекпекпіз.

«АЙНЫМАС АНТЫНАН, САЛТЫНАН – МАҢҒЫСТАУ»

НЕГЕ «МАҢҒЫСТАУ»?

Жалпы бұл аймақтың Маңғыстау аталуына ғалымдар бірнеше мысал келтірген. Соның ішінде халық арасында «мың қыстау», «мың ауыл» деген түсінік кеңінен таралған. 1985 жылы шыққан Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су атаулары атты сөздігі» кітабында Маңғыстау атауының шығу тегі туралы төрт болжам келтірілген. Біріншісі, өлке аты «мың» және «қыстау» тіркесінен шыққан. Екіншісі – ноғайдың «менк» деген тайпасының атынан ауысқан. Үшіншісі, көне түркі тіліндегі «мен» төрт жастағы қой сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасса, төртіншісі Е.Қойшыбаевтың өз болжамы бойынша «Маңғыштағ» «Құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді.

Ғалым Серікбол Қондыбай «құбыжықтар» болжамы дұрыс деген ой айтқан. Оның айтуы бойынша Маңғыстауда мекен еткен оғыз түркмен тайпаларды арасында «салыр» руы болған. Олар «Маңғыштағ» атауын өздеріне дейінгі аңыздарға негіздеп жасаған, аударма топоним деп білген. Сондықтан «Маңғыстауды» маңғыш тау қорқынышты алып айдаһардың мекендеген тауы немесе «айдаһартау» дегенді білдіреді деген тоқтамға келген.

ЕУРОПАМЕН ЖАЛҒАЙТЫН КАСПИЙ ТЕҢІЗІ

Маңғыстау облысының батысы мен солтүстігін қоршай орналасқан Каспий теңізі арқылы Шығыс Еуропаға шығуға толықтай мүмкіндік болса, оңтүстігінде Түрікменстан, оңтүстік-шығысында Қарақалпақстан, солтүстігі мен солтүстік-шығысында Атырау, Ақтөбе облыстарымен шектесіп жатыр. Аймақтың ең биік нүктесі – Шығыс Қаратау жотасындағы Бесшоқы тауы. Ал дүниежүзінде тереңдігі жағынан бесінші орынды алатын ойыс Қарақия ойысы Маңғыстаудың ең терең нүктесі.

Бұл өңірдің жазы өте ыстық болса, қысы суық. Жауын-шашын көп түспейді, аспанды жаулаған бұлтты күндер де сирек болады. Осының барлығы аймақтың қиыр солтүстігінде және солтүстік-батысында дала, орталығында шөлейт және оңтүстігінде нағыз шөлді өңірлердің қалыптасуына әкеп соққан. Каспий теңізінің де климатқа әсері шектеулі. Теңіз жағалауға жақын жерлерде ғана ауаға әсер етеді. Мысалы, ауаның ылғалдылығы шамалы артып, қыста температурасы жоғарылайды, ал жазда төмендейді, температураның жылдық және тәуліктік амплитудасы кемиді. Осы жайттардың әсерінен тым құрғақ континенттік климат қалыптасады.

Қазіргі таңда облыстың жер көлемі 16 564 мың гектарды құрайды. Әкімшілік 5 ауданнан, 5 облыстық маңызы бар қаладан, 6 кенттен, 55 ауылдық елді мекеннен және 43 ауылдық округтен тұрады. Аймақ халқының 76 проценті қалада, ал 24 проценті ауылдық жерде шоғырланған.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ «ДОНОРЫ»

Иә, Маңғыстауды жалпақ тілмен Қазақстанның «доноры» деп атайды. Себебі пайдалы қазбаларға бай болуы, мұнай мен кен өндірісі аймақтың экономикалық белсенділігін арттырады. Каспий теңізі арқылы соңғы жылдары жүк тасымалдау қызметі де артып келеді.

Аймақта мұнай-газ өндірумен «Қазмұнайгаз», «Қазполмұнай», «Толқынмұнайгаз» атты компаниялар айналысады. Игерілген өнім ішке, яғни Атырау мұнай өңдеу зауытына, сондай-ақ Ақтау-Самара құбыры арқылы шетелге де жіберіледі. Бұл аймақта өндірілетін мұнай Қазақстандағы қара алтынның 30 процентін құрайды. Өңірде шамамен 59 кен орны бар.

«Маңғыстаумұнайгаз» аймақтың 34 процент мұнайын өндірсе, «Қазмұнайгаз» Жаңаөзенде мұнай өндірумен айналысады. Маңғышлақ атом энергетика комбинаты аймақты энергия және сумен қамтамасыз етіп отыр.

Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі қатарында тамақ жасау, тігін, резеңке және пластмасса заттары, машина жасау, химиялық өндіріс қарқынды дамыған. 2005 жылдың өзінде өңдеу өнеркәсібінің жылдық көлемі 600 млрд теңгені құраған.

Одан бөлек Ақтаудағы әуежайда ішкі бағыт бойынша 8 және 16 халықаралық бағыт бар. Яғни, Ақтаудан Мәскеу, Стамбул, Киев пен Баку арқылы әлемнің кез келген нүктесіне жетуге болады.

БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Маңғыстау өңірінің орталығы – Ақтау қаласы. Ол Каспий теңізінің шығысында орналасқан. Оның оңтүстік-шығысында 40 шақырым жерде әйгілі Қарақия ойысы жатыр.

Қаланың бір ерекшелігі – мұнда тек Н.Назарбаев және Тәуелсіздік даңғылы атты екі көше бар. Өз ішінде қала ықшам аудандарға бөлінген. Қазіргі кезде 31 ықшам аудан бар. Бұл өз кезегінде керекті мекен-жайды оңай табуға көмектеседі. Сонымен қатар қалада теміржол жоқ, ол үшін пойыздар Маңғыстау станциясына тоқтап, 20 шақырым жерде орналасқан Ақтауға көлікпен жетуге болады.

Қазіргі кезде қаланың солтүстігінде Ақтау-Сити атты жаңа қала аумағының қарқынды құрылысы жүріп жатыр. Бұл жоба 2007 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінің қолдауымен бастау алған болатын. Қазақстандағы жалғыз порт та осы қалада. Ол арқылы түрлі халықаралық құрғақ жүк, мұнай мен шикізат өнімдері тасымалданады.

Ақтауда Абай атындағы мәдениет сарайы, Н.Жантөрин атындағы драма театр, кинотеатр мен теңіз жағасындағы ойын-сауық кешендері көп. Жазғы мезгілде қала тұрғындары мен қонақтарына «Достар», «Nur Plaza», «Манила» атты жағажайлар қызмет етеді.

ПАЛЕОЛИТТЕН ҚАЛҒАН ШЕРҚАЛА

Маңғыстау өңіріндегі ең ерекше орынның бірі – Жем өзенінің орта бөлігінің шығысындағы бұйратты Шерқала қырқасы. Қырат Маңғыстау ауданы Шетпе ауылының жанында орналасқан.

Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 95-100 шақырымға созылып жатқан Шерқала қырқасының абсолюттік биіктігі 332 метр. Төңкерілген кесе іспеттес бұл қырқа палеолит дәуірінің әктасты және сазбалшықты жыныстарынан түзілген. Поляк революционері Б.Залесский 1851 жылы Маңғыстау өлкесіне геологиялық экспедициямен келгенде бұл қыратты Римнің пантеондарына ұқсатқан. «Шерқалаға алыстан қарағанда, Римнің керемет пантеондарын, ежелгі замандардың ескерткіштерін көргендей боласың. Жақындап келгенде, жеке қабырғалардың колонналарын, қираған мүсіндер сияқты ақ таулардың бағандарын көресің», – деп жазып, қыраттың суретін салған. Ол сурет Залесскийдің «Қырғыз даласындағы өмір» атты альбомында алдымен 1856 жылы Парижде, кейін 1989 жылы Алматыда жарық көрді.

Тарихи деректерге тоқталсақ, кезінде Бозащы түбегінен Хорезм мен Хиуаға жүретін жол бойында осы тауда әскери қамал болған. Пирамида тәрізді таудың солтүстік-шығыс беткейінің түбінен жол тартылған. Шерқаланы үңгіп қазылған тоннель жоғарылаған соң екі тарау болып, қырқалы тау үстіне шығады. Қамалдың ұзындығы 300 м. Ернеулерінде сыйымдылығы екі-үш адамдық атқыш-садақшылар үшін орын бар.

Шерқала Қаратаудың орталық және батыс жоталарының ортасында орналасқан. Әйгілі «Жібек жолының» саудасы қызып жатқан кезінде талайға көлеңке, пана болған деседі. Кейбір аңыздар бойынша, бұрынырақта Шерқаланың төбесінде кішкене қалашық болған. Халық сол жерде өмір сүріп, дұшпандардың шабуылынан қорғанған екен.

Қазіргі таңда бұл қырат Маңғыстау өлкесінің ең әдемі орындарының қатарында. Жыл сайын мұнда туристер келіп, сұлу жерге сүйсініп, тарихына бойлап қайтады.

БЕКЕТ АТАНЫҢ ЖЕРАСТЫ МЕШІТІ

Бұл өлкедегі тағы бір киелі жер – ол Маңғыстау, Үстірт, Атырау мекендеген Адай тегінен шыққан қазақ халқының данасы Бекет Мырзағұлұлының жерасты мешіті. Ол жастайынан қолға қару алып, елінің егемендігі мен халқының тыныштығын сақтау үшін жаудан қорғап, Ер Бекет атанған. Дегенмен бейбітшілік пен тыныштықты қалаған батыр жаугершілікті тоқтатып, елінде бейбітшілік орнағанын, көршілес халықтармен достық қарым-қатынас құруды армандаған Бекет құдай жолына түсіп, Хиуаға медресеге оқуға аттанған. Атақты Бақыржан қажыдан дәріс алған Бекет еліне қайтып, ұстазының ісін жалғастырып, жер-жерден жерасты мешітін салған. Бекет ата мәдениеттің өркендеуінеүлес қосқан.

Жерасты мешіті Маңғыстау ауданындағы Қызан елді мекенінен 30 шақырым жерде орналасқан. Ол биіктігі 10 метрге жуық ақбор төбенің шығыс беткейінен ойып салынған. Мешіт екі бөлмеден тұрады. Бөлмелері қабырғаларының қалыңдығы 1-1,3 метрдей ақ бордан ойылып жасалынған. Мешіттің алғашқы қалпы жақсы сақталған. Оның бөлмелері бір-біріне жапсарластыра салынған, төбесінде жарық түсіп, ауа кіріп тұруы үшін тесік қалдырылған. Дәстүрлі діни және тарихи тұлға, діни ағартушы Бекет Мырзағұлұлының өміріне байланысты тарихи ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. 1-ші бөлменің ауданы шамамен 10 шаршы метр болса, 2-ші бөлме сопақша болып келген. Ойық диаметрі 1,5 м. Бұл ойық арқылы 3 сырық ағашы орнатылған. Бөлменің едені қалың қабаттан тұрады. Ғылыми зерттеулер бойынша дәстүрлі діни және тарихи тұлға Бекет Мырзағұлұлының бала оқытқан мешіттерінің бірі деп танылған.

ТАБИҒАТЫ ТАМАША ТАМШАЛЫ

Еділ-Орал археологиялық экспедициясы 1982 жылы Тамшалы сайын анықтаған. Қазіргі таңда туристердің таңданысын тудыратын орынға айналған Тамшалы өзінің сыңғырлап аққан суымен және тамаша табиғатымен ерекше.

Оның басты кереметі – сайдың қабырғасымен жартылай дөңгелек түрінде қалыптасқан шағын үңгір төбесіндегі сулы сазды қабатының ашық қалуы. Тұщы су жартасты кемерден тамшылап, үш метр биіктіктен ағады. Аққан тамшылар жаңбыр жауып тұрған тәрізді тырсылдап, жыл бойы тіршілікке толы болады. Қысты күні су ағыстарын мұз басса да су төмен қарай қарқынды ағуын тоқтатпайды. Мұз бағаналарын тілімдеп, қуыстар арқылы төмен қарай құлдырайтын жан-жақты су ағыстарының сарқырауы мен тамшылар сылдыры түрлі дыбысқа ұласады. Осынау табиғаттың төл туындысында таза ауамен тыныстап, моншақтай мөлдір тамшылардың күміс сыңғыры бойды сергітіп, жанды жадыратады. Тұғырдан төмен қарай тамшы сорғалап, моншақ тамшылары табан тасқа соғыла сазды әуенмен әдемі әсерге бөлейді.

Тамшалы – Түпқараған ауданында, Форт-Шевченко қаласынан солтүстікке 35 шақырым жерде орналасқан табиғи су көзі. Ол – кәдімгі киіз үйге ұқсас дөңгелек, кеуек үңгір. Оның басының кей жерінде тас қабырға терлеп, кей жерінде себелеп, мұздай әрі мөлдір тамшы ағады. Үңгір табанында шағын көлшік бар. Осыған орай Тамшалы аталып, ертеден сол жерді мекен еткен елдің ауыз су көзіне айналған. Ал көл арнасынан артылып аққан су бөгеліп, суармалы егіншілікке пайдаланылған. Тамшалының ерте заманда елді мекен болғанын сай бойындағы тұт ағаштары айғақтайтындай. Қыр басында ерте дәуір ескерткіштері де сақталған.

А.НҰРАЗҒАЛИ

ТОКИО–2020

Токиодағы байрақты бәсекеде Қазақстан спортшылары өнер көрсетіп, доданы бастап кетті. Әзірге ұлттық құрама қоржынында 2 қола медаль бар. Сондай-ақ жарыстың келесі айналымына шыға алмаған, олимпиада ойындарын аяқтаған спортшылар да бар. Бұл жолы жазғы олимпиададағы қазақ спортшыларыны жағдайы туралы баяндамақпыз.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ ҚАУҚАРЫ ҚАНДАЙ?

Жарысты ең алдымен дзюдошылар бастап, Қазақстанның атынан 48 келіге дейінге салмақта әйелдер арасында өнер көрсететін Отгонцэцэг Галбадрах шықты. Ол алғашқы айналымда қытайлық Янань Лимен белдесіп, есе жіберді. Осылайша, қазақстандық дзюдошы Галбадрах жарыстан шығып қалды.

Ал 60 келіге дейінге салмақта белдесетін Елдос Сметов Нидерланд елінің палуаны Торнике Тсакодеаны жеңіп,

Ұлттық құраманың қоржынына ең алғашқы медальды алып келді. Жарыстың екінші айналымы мен ¼ финал Сметов үшін оңай болып, Түркия мен Оңтүстік Кореяның палуанынан басым түсті. Ал жартылай финалда Әлемнің екі дүркін чемпионы жапониялық Наохисе Такатомен болған белдесу оңай болды деуге келмейді. Екі палуан 10 минут бойы белдесіп, соңында Наохисе алғашқы ұпайды алып кетті.

Одан бөлек Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Ерлан Серікжанов жарысты жеңіспен бастағанымен, 1/8 финалда Италияның палуаны Мануэль Ламбардодан жеңіліп, олимпиада ойындарын аяқтады. Жарыстың екінші күні белдесуге шыққан Жансай Смағұлов 1/8 финалдан әрі қарай өте алмады. Сонымен қатар семсерлесуден бәсекеге түскен Руслан Құрбанов та жапониялық спортшыға есе жіберіп, жарыс жолынан шығып қалды.

Ал ауыр атлетикадан сынға түскен Игорь Сон қола жүлденің иегері атанды. Ол жұлқа көтеруде 131 келіні бағындырса, серіппе көтеруде 163 келіні көтерді. Сонымен қатар Зульфия Чиншанло серіппе көтеруде 123 келіні, жұлқа көтеруде 90 келіні бағындырып III орынды иеленді.

Командалық садақ атудан Ильфат Абдуллин, Санжар Ганкин мен Санжар Мусаевтан тұратын ұлттық құрама Үндістанға есе жіберіп, жүлдеге таласа алмады. Жарысты аяқтағандар қатарында теннисшілер Александр Бублик, Андрей Голубев, Зарина Диас, үстел теннисінен қатысқан Анастасия Лаврова, велоспорттан Вадим Пронский мен Дмитрий Груздев бар. Олар жарыстың бірінші күнінде жеңіліс тауып, ойыннан шығып қалды. Ал екінші күні мылтық атудан Юрий Юрков, жүзуден Диана Назарова, каноэден қатысқан Екатерина Смирноваға Токио-2020 олимпиада ойындары аяқталды.

Дегенмен алдағы уақытта өнер көрсететін қазақстандық спортшылар бар. Олар сәтті өнер көрсетіп, жүлде қоржынын толтыратынына сенім мол. Бастысы сәттілік спортшылардың серігі болса, жанкүйерлер қолдау білдірсе болғаны.

А.БІРКЕНОВ

ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР ЖАУДЫРДЫ

Дрондар жаңбырды қалай жаудырады? Олар электр разрядтарын жіберіп, соның әсерінен судың молекулалары бірігеді. Нәтижесінде аспан бұлттанып, қою қара тұманның әсерінен нөсер жерге төгіледі. Бір қызығы, бұл атмосфералық жауын-шашынды жасау кезінде ешқандай химиялық заттар қолданылмайды. Яғни табиғатқа алып келер ешқандай зардабы жоқ. Жаңа технологияның арқасында БАӘ-нің бірқатар елді мекенінде 1 апта бойы жаңбыр жауған.

Өткен жылы Дубайда арал құрылысымен айналысатын «Kleindienst Group» компаниясы климатты жасанды бақылау жобасы туралы айтқан болатын. 1 шақырымды құрайтын «Жаңбыр көшесінде» олар жыл сайын толастамайтын жаңбыр жаудыруды және ол жердегі температураны 27 градуста сақтап тұруды жоспарлап отыр.

Ал қазіргі кезде жасанды жаңбыр жаудыру жобасымен Дубайдың «Sanad» академиясы британдық «Рединг» университетімен бірігіп айналысуда. Эксперимент Әмірліктің құрғақ және ыстық жерлерінде жасалуда. Зерттеуді профессор Джайлс Харрисон басқаруда. Ғалымдар Араб әмірлігінің Ұлттық метеорология және сейсмология орталығынан 5,5 млн дирхам, яғни 1,5 млн АҚШ доллар грантын жеңіп алған. Бұл қаражатты олар жылына 2,2 млн дирхамнан асырмай, 3 жыл пайдалануды жоспарлап отыр. Негізінен бұл жобаның бастапқы идеясын Рединг университеті 2017 жылы ұсынған.

«Зарядталған дрондардың әлеуеті, жаңбыр жаудыра алатыны туралы бірнеше болжам болды. Дегенмен бұл болжамды іс жүзінде жүзеге асырып, егжей-тегжейлі зерттеу маңызды болды», – дейді зерттеу тобының бас ғалымы Кери Николл. Олардың басты мақсаты судың молекулаларын барынша үлкен етіп түзу. Соның нәтижесінде бұлтта түзілген су тамшылары жерге жете алады.

P.S. Бұл жоба жаңа заманның, жаңа заманның ырқына көнген адамның жетістігі екені анық. Егер де шынымен де табиғат Анаға, қоршаған ортаға ешқандай зиянын тигізбейтін болса нағыз құптарлық іс. Алдағы уақытта мұндай істі әлемнің өзге елдері де қолданарына сенім мол. Дәл қазір елде орын алған қуаңшылық кезінде осылай төбеден нөсерді төгер ме еді, шіркін деп армандаймыз. Қысқасы, жобадан жақсы жаңалық күтеміз.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Басы 1-бетте

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4324 Тапсырыс №1077

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ